

## Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 20 мамыр N 1706.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.20. N 2565  
Жарлығымен. ~U952565

Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасының  
Министрлер Кабинеті Аппаратының қайта құрылуына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін. Президенттің, Қауіпсіздік кеңесінің, Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің, адам құқығы жөніндегі комиссияның және Экономикалық консультанттар кеңесінің аппараттарының басшы және жауапты қызметкерлерінің саны 240 адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратынікі - 177 адам болып белгіленсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1995.04.10. N 2189

Жарлығымен. U952189\_

2. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Президентінің 1995.04.10. N 2189

Жарлығымен. U952189\_

3. Былай деп белгіленсін:

Аппарат басшысы мен оның орынбасарларын, Президенттің көмекшілері мен кеңесшілерін, Президенттің Жоғарғы Кеңестегі жеке өкілдерін, Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасарын, Президенттің жанындағы Экономикалық консультанттар кеңесінің басшысын, Аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босатады. <\*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚР Президентінің

07.02.1995 ж. N 2038 Қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1995.04.10. N 2189

Жарлығымен. U952189\_

Аппараттың басқа жауапты қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

4. Техникалық қызметкерлердің санын, олардың лауазымдық жалақыларын

және еңбегіне ақы төлеудің өзге шарттарын жылдық еңбекақы қорының шегінде Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы бекітеді.

5. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысына келісім бойынша Аппараттың құрылымы мен штатына өзгерістер енгізуге рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты туралы ереже әзірлеп, бекітуге енгізсін.

7. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақ ССР Президентінің "Қазақ ССР Президенті мен Қазақ ССР Министрлер Кабинеті Аппаратының мәселелері" туралы 1991 жылғы 13 тамыздағы N 398 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының мәселелері" туралы 1992 жылғы 30 қаңтардағы N 590 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы" 1992 жылғы 20 тамыздағы N 866 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы" 1992 жылғы 1 қарашадағы N 962 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы" 1993 жылғы 21 маусымдағы N 1249 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 20 мамыр

N 1706

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1994 жылғы 20 мамырдағы

N 1706 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының		
Басшысы	1	
Аппарат Басшысының орынбасарлары		2
Қазақстан Республикасы Президентінің хатшылығы, көмекшілер мен кеңесшілер тобы	19	
Президенттің Жоғарғы Кеңестегі өкілдерінің тобы		6
Президенттің Баспасөз қызметі	17	
Президенттің аймақтардағы өкілдерінің тобы		12
Ақпараттық талдау орталығы	22	
Халықаралық бөлім /хаттама қызметімен қоса/		15
Заң шығару бастамашылығы және құқықтық сараптама бөлімі		15
Азаматтық және кешірім жасау жөніндегі бөлім		7
Мемлекеттік наградалар жөніндегі бөлім	7	
Іс Басқармасы	12	
Кадр саясаты бөлімі	10	
Жалпы бөлім	26	
Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің хатшылығы		6
Президенттің Аппараты бойынша БАРЛЫҒЫ:		177
Оған қоса:		
Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің аппараты		15
Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің аппараты		7
Адам құқығы жөніндегі комиссияның аппараты		5
Ұйымдастыру-бақылау басқармасы		
<*>		
25		
Экономикалық консультанттар кеңесі		11
Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия		-
Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия		-
Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия		-
Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы /дербес бюджетте болады/		-
Ескерту. Қосымшасынан сөздер алмастырылған - ҚР Президентінің 07.02.1995 ж. N 2038 қаулысына сәйкес.		

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1994 жылғы 20 мамырдағы  
N 1706 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы  
Аппарат Басшысының орынбасарлары  
Қазақстан Республикасы Президентінің хатшылығы,  
көмекшілері мен кеңесшілері тобы  
Президенттің Жоғарғы Кеңестегі өкілдерінің тобы  
Президенттің Баспасөз қызметі  
Президенттің аймақтардағы өкілдерінің тобы  
Ақпараттық талдау орталығы  
Халықаралық бөлім /хаттама қызметімен қоса/  
Заң шығару бастамашылығы және құқықтық сараптама бөлімі

<\*>

Мемлекеттік наградалар жөніндегі бөлім  
Қаржы-шаруашылық бөлімі  
Кадр саясаты бөлімі  
Жалпы бөлім  
Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің хатшылығы  
Оған қоса:  
Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Аппараты  
Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің Аппараты  
Адам құқығы жөніндегі комиссияның аппараты  
Бас бақылау инспекциясы  
Экономикалық консультанттар кеңесі  
Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия  
Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия  
Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия  
Қазақстан Республикасы Президенті мен министрлер

Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы

/дербес бюджетте болады/

Кешірім жасау бөлімі

<\*>

Азаматтық бөлімі

<\*>

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген -  
ҚР Президентінің 1995.03.14. N 2095 Қаулысымен.